

**КӨШІ-ҚОН ҮРДІСІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ӨҢІРІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ
ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ**

Табылдиева О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар
және инжиниринг университеті
Ақтау қ., Қазақстан
e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада барлық әлеуметтік орын ауыстырулар, халықтың территориялық жылжуының себептері мен ерекшеліктері, көші-қон процесінің өңірдің ұлттық бейнесінің өзгеруі тигізген әсері, тәуелсіз мемлекетке айналған сәттен сыртта мекендеген қазақтардың Қазақстанға қайта келуі мәселелерінің негізі ашып көрсетілген.

Түйінді сөздер: сыртқы көші-қон, ұлттық құрам, демография, халық санағы.

XX ғасырда Қазақстанның демографиялық дамуындағы басты ерекшелік халықтың сандық және сапалық дамуында табиғи өсім емес, көші-қон ықпалының басты рөл атқаруы. Ғасыр бойы жүрген көші-қон халықтың көп ұлтты құрамын қалыптастырып, республиканың саяси-әлеуметтік, экономикалық дамуын айқындап, қазақ ұлтының дәстүрлі даму бағыттарына күрделі өзгерістер енгізді. Көші-қон процестері XX ғасырдағы Қазақстанның этнодемографиялық дамуында, халықтың көп ұлттануында ерекше, басты рөл атқарды. Халықтың жалпы санының өсуі табиғи қозғалыспен қатар көші-қон процестеріне тікелей байланысты.

Соғыстан кейінгі жылдары республика бойынша да, соның ішінде Маңғыстау бойынша да қазақ емес ұлттардың үлестік мөлшерінің өсуіне әсер еткен тағы бір көші-қон шарасы Бүкілодақтық екпінді құрылыстар ретінде жарияланып, одақ көлеміндегі халықтардың едәуір бөлігін қозғалысқа келтірген ірі өнеркәсіп орындарының құрылысына байланысты. Қазақстанның табиғи ресурстарын шаруашылық айналымға тарту үшін соғыстан кейінгі жылдары республикада индустрияландыру процесі жалғастырылды. Барлық облыстарда дерлік ірі өнеркәсіп нысандары салына бастады.

Кеңес үкіметінің Қазақстандағы осындай көші-қон саясатының нәтижесінде 1955-1970 жылдары республикадағы ауыл халқы 4915 мыңнан 6503 мыңға өсті. Соған қарамастан, ауыл халқының үлесі төмендеді. Мысалы, 1968-1969 жж. Маңғыстаудағы ауыл халқы үлесі 3,9%-ға кеміді [1]. Ауыл халқы құрамының өзгеруіне республиканың өз ішіндегі көші-қон да әсер етті. 1968-69 жж. республикадағы қоныстанушылардың 295,6 мыңы (45,7%) ауылдық жерлерден келгендер болды. Ауыл жастарының ішінде мектеп бітірген соң қалаларға, жоғарғы оқу орындарына кетуі, сол жақта жұмысқа қалуы, әскер қатарына шақырылып, кейін туған ауылға қайтып оралмауы жиі кездесті. Кейбір кезде олардың қалаға орналасуға мүмкіндігі болмады. Мысалы, Маңғыстау мұнай кәсіпкерліктерін игеру кезінде үкімет ауыл адамдарын ұжымшар-кеңшарларды тастап кетпесін деген сылтаумен қала кәсіпорындарына жұмысқа алуға тыйым салды. Өңірге вахталық әдіспен жұмыс істейтін өзге ұлт өкілдері келді. Тұрғылықты халықтың саны мен үлесі көшіп келген басқа ұлт өкілдері неғұрлым көбейген сайын азайып, төмендей түсті.

1962 жылы 20 қаңтардағы СОКП ОК-ң БЛКЖО ОК-не жолдаған хаттамасында «Қазақстанда жұмыс қолының қажеттігіне байланысты 54 мың жастарды (30 мыңын ауыл шаруашылығына, 2400 адамды ірі құрылыстарға) жіберуін өтініп, объектілер ішінде Маңғыстау мұнай өнеркәсібін игеруді де Бүкілодақтық «Екпінді жастар құрылысы» - деп жариялауды тапсырды [2].

1962 жылы республикадағы өзге де объектілермен бірге Маңғышлақ мұнай өнеркәсібін игеру үшін, аймақты Бүкілодақтық Екпінді жастар құрылысы ретінде жариялады. Маңғыстауды игеруге 12 одақтық, 11 автономиясы республикалар мен 4 автономиялы облыстың өкілдері қатысты.

1965-1975 жылдары арнаулы қабылдау бөлімдері арқылы өнеркәсіп орындарына Украина, Беларусь, Өзбекстан, Литва, Молдавия, Қырғыз, Тәжікстаннан 115 мың адам қоныстандырылды [3].

Қазақстан бойынша 1960 жылдың екінші жартысынан бастап халық өсіміндегі көші-қон процестерінің үлесі төмендей бастады: 1960 ж. - 36,4% болса, 1961-65 жж. 19,6%, 1966-1970 жж. 13,2%. Ал, Маңғыстау өңірінің интенсивті дами бастауы арқасында жаңа өнеркәсіпті өңірге көші-қон белсендірілді. 1960-70 жылдары Маңғыстауда мұнай өнеркәсібінің орталығы қалыптасуына орай халық саны 70%-тен аса өсті [4]. КСРО-ның басқа республикаларынан келгендер көші-қоны арқасында 1979 ж. өз облысындағы қала халқының үлесі жағынан 1-орынға республика бойынша Маңғыстау облысы шықты (87%).

1970-1973 жылдар ішінде Маңғыстау түбегіндегі тұрғындар өсімі көші-қон есебінен 19,1 мың адамды құрады. Бұл Маңғыстаудағы байлықтарды игеру үшін республика облыстарымен бірге одақтас республикалардан келген көші-қоншылар есебінен облысты жұмыс күшімен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылды. Жаңа Өзен қаласында халық саны осы жылдары 5,1 мың, Маңғыстау поселкесінде 2,1 мың, Бейнеу поселкесінде 1,4 мың, Шетпе поселкесінде 0,8 мың, Сай-Өтес поселкесінде 408 адам болды. Ал, экономикасының даму дәрежесі төмен аудандарда әлеуметтік-тұрмыс дәрежесі де төмен болды. Бұл, өз кезегінде, халықтың көші-қонын белсендіріп, бұл жерден екінші жерге көшіп-қонып қоныстануын жиілетті. Қозғалысқа көп түсетін ер адамдар. Келушілер арасында ерлер үлесі көп болды.

1960-шы, 1970 жылдардағы Маңғыстау мұнайын игеру, урбанизация, балық шаруашылығын дамытуға байланысты сырттан көші-қонның белсендірілуі 1970 ж. санақта 20 жастан жоғары жастағылардың, ерекше ер адамдардың үлесінің өсуіне әкелді. 1959-1989 жж. Маңғыстау халқы 288459 адамға (8,1 есе 35,7 мың адамнан 324,2 мың адамға өсті). 1970 ж. санақта Маңғыстаудағы қала халқының саны 88,5%-ға өсі (1959 ж.-41,6%). Халық санының күрт өсуі мұнай-газ өнеркәсібінің дамуына байланысты сырттан мамандар мен жұмысшылардың келуіне байланысты.

1959-1989 жылдар аралығында Маңғыстау облысындағы қала халқы 15,2 мыңнан 287,2 мың адамға өсіп, 19 есе көбейді. Жылдық өсім 9 мыңды құрады. Бұл ішкі факторлар есебінен деу мүмкін емес. Сол жылдары ауыл халқы Маңғыстауда 20,5 мыңнан 37,0 мыңға өскен, бұл өсу қарқыны шындықпен үйлеседі. Сонда, облыс халқы көпшілігін сырттан келгендер құрайтын қала халқының өсімі есебінен өскен.

Этникалық құрылым көпұлттық сипат алып, ұлттық бейнесінің өзгеруі Маңғыстаудағы халықтың қалыптасуы мен жоғарғы өсімді көрсетудегі көші-қон процестерінің нәтижесі болып табылады. Маңғыстау облысы халқының 1959-1989 жылдардағы өсімінің механикалық қозғалыс есебінен жүруі осы аймақтағы ерекшелік болып табылады. Себебі, басқа жерлердегі халық өсімі – табиғи қозғалыс есебінен болған. 1959-1970 жж. облыс халқы 4,4 есе өсті. 1970-1979 жж. орыс халқының өсу қарқыны қазақтардан артық болды, тиісінше 39 мың және 36 мың адамға өсті. 1979 ж. бастап жағдай өзгере бастады. Облыс халқы қазақтар санының өсіміне байланысты көбейді. Осы кезеңде олар 108,2 мыңнан 165,0 мың адамға өсті. Ал, орыс ұлты 7 мың адамға ғана өскен. Басқа ұлт өкілдерінің де өсу қарқыны баяулады. Бұдан Маңғыстаудағы көші-қон процестерінің сипаты туралы қорытынды шығарайық: 1979 ж. дейін халық Маңғыстаудан және Қазақстаннан тыс жерлерден келген көші-қоншылар есебінен өссе, кейінгі онжылдықтарда аймақ аралық қозғалыстағы қазақ ұлты өкілдерінің көші-қоны есебінен өсті. 1959-1970 жылдары жылдық халық өсімі 11222 адам болса, 1970-79 жылдары 9956, 1979-1989 жылдары 7540 адамды құрады. Бұның өзі Маңғыстаудағы көші-қон процестерінің

мөлшерінен хабардар етеді. Маңғыстауда қалыптасқан этникалық құрылым ұзаққа созылған көші-қон процестерінің нәтижесі.

1989 жылы Украина, Өзбекстан, Тәжікстан, Армения, Түрікмен, Эстон қалаларынан Қазақстан қалаларына қазақтар көші-қоны жүрді: 16642 қазақ келсе, 10130 қазақ кеткен. Өсім-6512 адам. Жергілікті жерлерде көші-қоншылармен тұрғылықты халық арасында себептері әлеуметтік және экономикалық даму ерекшеліктеріне қатысты болғанымен ұлтаралық араздықтың көрінісі ретінде қарауға болатын кикілжің жағдайлар да кездесіп отырды. Мысалы, 1989 жылы май айындағы Жаңа Өзен оқиғасы бүкіл Маңғыстау түбегін қамтыды. Жергілікті тұрғындар мен Солтүстік Кавказдан шыққан тау халықтарының (лезгиндер, шешендер, ингуштар, әзірбайжандар) арасындағы кикілжің 9 мың таухалықтарының кетуіне себеп болды және бірқатар жұмыс орындары бос қалды. Нәтижесінде Маңғыстау облысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдайды қалпына келтіре бастаған соң, Түрікменстан мен Қарақалпақ жерлеріндегі қазақтар туған жеріне қайта бастады.

Көші-қон процестерінің түсініктемелерін нақтылап кетейік. Көші-қон (миграция) деп барлық әлеуметтік мәнді орын ауыстырулар, халықтың территориялық жылжуын айтады. Халықтың қолайлы көші-қоны экономикалық және әлеуметтік жылжудың міндетті шарты болып табылады. Көші-қонды мәніне қарай төмендегіше бөлуге болады: иммиграция (елге тұрақты және уақытша тұруға келу), эмиграция (елден тұрақты қоныс аударып кетуі), сондай-ақ республика ішілік көші-қон. Оның өзі облысаралық және ауданаралық болып бөлінеді. Біздің ерекше назар аударатынымыз иммиграция мен эмиграция, сондай-ақ ішкі миграциялар. Иммиграция мен эмиграция тұрақты тұру, орнын ауыстырумен байланысты. Қазақстан үшін бұл екі процесс қолайсыз саяси жағдайлармен байланысты емес, өйткені республикада діни сенімі, этникалық, әлеуметтік және өзге де сипаты жағынан қудалау байқалған жоқ. Алайда, сөзсіз, эмигрантқа да адам құқығынан тыс әр түрлі себептерге байланысты этникалық, тілдік, кәсіптік, әлеуметтік-тұрмыстық, экономикалық қолайсыздықтар тууы мүмкін. Бұл әсіресе, қазақтардың Қытайдан, Моңғолиядан, Ресейден, Өзбекстаннан, Түркменстаннан елге қайтуына байланысты.

Республикааралық және халықаралық көші-қон динамикасы қазақ этносын Қазақстан Республикасында жинау мен өзге этностарды шығу орнына қайтару бағытын ұстанды.

Қазақстандағы көші-қон ағымының XX ғасырдағы ерекшелігі 1970-жылдарға дейін келушілер белсенділік көрсетсе, 1970-жылдан бастап Қазақстанға иммиграциялық (келу) ағынының әлсіреп, кету үрдісінің күшейгендігі байқалды. Нәтижесінде механикалық қозғалыста айтарлықтай теріс айырма (сальдо) қалыптасты, яғни республикадан кету көлемі артты. Сөйтіп, 1970-1995 жылдары Қазақстаннан кету-келуден асып кетуі есебінен 2,6 миллион адамынан айрылды. Көрсетілген 25 жылдың ішінде теріс айырма шыңы 1994 жылға келді. Мұнда көші-қон шығыны 410,4 мың адамға жетті.

Маңғыстау облысының халқының құрамындағы XX ғ. соңында жүрген өзгерістерге себеп болған көші-қон процестеріне тоқталайық.

1989-1998 жылдар аралығында Маңғыстау облысына барлығы 53287 адам көшіп келіп қоныстанды. Олардың 83,5% немесе 44475 адамы-шетелдер мен Қазақстанның өзге облыстарынан қоныс аударған қазақтар. Соның ішінде 28,2% ғана (12552 адам) Қазақстанның басқа облысынан келгендер. 30690 адам ТМД және Балтық жағалауы елдерінен келгендер, 1233 адам алыс шетелдерден келгендер. Осы екі санақ аралығындағы механикалық қозғалыстағы өзгерістерге келсек, 10 жылда елге шетелдерден 1145,8 мың адам келсе, 3108,4 мың адам кеткен. Көші-қон процесі он жыл ішінде 1962,6 мың адамдық кері айырымды көрсетті. Екі санақ арасындағы республика халқының мәнді өзгерісі-кемуі-сыртқа көші-қондағы теріс сальдонның көрсеткіші болып табылады. Қазақстаннан сыртқа көші-қонның ерекше белсенді түрде жүрген жылдары 1992-1995 жылдары. 10 жылда сыртқа кеткендердің 48% осы жылдары кеткен.

Қазақстан егеменді, тәуелсіз мемлекетке айналған сәттен сыртта мекендеген қазақтардың Қазақстанға қайта келуі оларға оралман статусын бергізді. Маңғыстауға 1989-1998 жылдар аралығында 31923 оралман келген екен. Маңғыстау жерінің географиялық орналасу ерекшелігіне сәйкес көрші мемлекетпен қатысына байланысты, сондай-ақ, ХІХ ғасырдан бергі тарихи экономикалық арақатынасының даму ерекшелігіне сай оралмандардың көпшілік дені Түркменстаннан қайтқан қазақтар болды-22746 адам. Бұлар Маңғыстау облысына көшіп келген қазақтардың 51,1%, ал ТМД елдерінен келген қазақтардың 74,1% болып табылады. Атап айта кету керек, Маңғыстау облысына осы жылдары Қазақстанға келген орамандардың 20%-ы орналасқан. Бұл ресми ақпарат бойынша берілген мәлімет.

Еліміздегі көші-қон және демография агенттігінің мәліметтері бойынша, 1991-2000 жылдың аралығында тәуелсіз Қазақстан жеріне 42387 қазақ отбасы немесе 183652 адам көшіп келген. Осы қоныс аударып келгендердің 60%-ТМД елдерінен: Өзбекстаннан-62737, Түрікменстаннан-22055, Тәжікстаннан-10476, Ресейден-8490 болса, алыс шетелдерден: Монғолиядан-65202, Ираннан-5030, Түркиядан-3780, Ауғанстаннан-1719, Қытайдан-2214, Пәкіс-таннан-1102 және т.б. 1989-1998 жылдар аралығында Маңғыстау облысына шетелдерден келген-38777 адамның 31923-қазақтар болды (82,3%) [5]. Бұл Қазақстан бойынша, Оңтүстік Қазақстан облысынан кейінгі екінші орындағы көрсеткіш. 2000 жылы республикаға келген көші-қоншылар Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстары мен Алматыға қоныстануда.

ХХ ғасырдың 1960 жылдарында республикадағы барша халықтың басым көпшілігі ауылдық жерлерде тұрып келсе, кейінгі урбанизация нәтижесінде 70-80-жылдары ауыл халқының үлес салмағы төмендеп, қала халқының саны мен үлесі ауыл тұрғындарына қарағанда өсе бастады. Оның өзіндік себептері де болды. Атап айтқанда: ХХ ғасырдың 70-80-жылдарында қала тұрғындарының тұрмысының жақсара түсуі; техникалық білім алу қажеттілігінің артып, қала кәсіпорындарына арнайы мамандықтары бар ауыл жастарының орналаса бастауы; жалпы мүмкіншілігі бар республика ауыл тұрғындарының қалаларға көшіп келу көрсеткіштерінің арта түсуі. Нәтижесінде Қазақстандағы қала тұрғындарының саны ауыл тұрғындарынан басым бола бастады. 1989 жылы Қазақстан қалаларында республика халқының 56,7%-ы немесе 918,2 мың адам тұрды. Ал, ауылдық жерлерде 7 016,5 мың адам немесе ел халқының 43,3 %-ы мекендеді [6]. 1989 жылдың 1 қаңтарына Қазақстандағы 16 жасқа дейінгі жас тұрғындардың да басым көпшілігі қалаларда тұрған. Осы кезеңдегі қала халқының басымдылығы республика облыстарының көпшілігінде болды.

Елбасымыз 2010 жығы халыққа Жолдауында 2020 жылға қарай республика халқының саны 10 пайызға өсуі үшін мемлекет барлық мүмкіндіктерді жасайды [7] деп қазіргі кезеңдегі еліміздің дамуының басым бағытына ерекше көңіл бөлді. Мемлекеттілігіміздің, тәуелсіздігіміздің негізін қалап, қуатты нарықтық экономика құрған соң алдымызға өмір сапасы жоғары, бәсекеге барынша қабілетті ең дамыған 50 елдің қатарына қосылу міндеті қойылғаны белгілі. Осы міндетті жүзеге асыру халық санын өсіру мақсатымен тығыз байланысты. Себебі, еліміздің экономикалық дамуы мен ұлттық біртұтастығымызды, еркіндігімізді сақтар негіз халық болып табылады. Табиғи өсіммен бірге көші-қон мәселесінің сабырлы саясаттың, тұрақты экономиканың, құқықтық қатынастардың, ұлтаралық достық пен келісімнің негізгі тіректерінің бірі ретіндегі рөлі көтерілуде. Еліміздегі демографиялық ахуалда оң өзгерістерге қол жеткізу үшін көші-қон мәселесіне басымдылық беріп, табиғи өсімді ынталандыру мемлекетіміздің демографиялық саясатындағы басты бағыттарының бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚРОМА. 585-қ., 5-тізбе, 30-іс, 105-п.
2. Респ.партия мұрағаты. 708-қ., 35-т., 105-к., № 7 хаттама, 33-бөлім, 145-б.
3. Асылбеков М.Х., Нұрмұхамедов С.Б., Пан Н.Г. Рост индустриальных кадров рабочего класса в Казахстане. -Алматы: 1968.- 84с.
4. Москвина Г., Мельдеханова М. Территориальная подвижность населения и процессы урбанизации в Казахстане. В кн.: Население и трудовые ресурсы Казахстана (тенденции и прогнозы). -Алма-Ата: 1979. -С.90.
5. Итоги переписи населения 1999 г. по Мангистауской области. Т.1... -С.57.
6. Итоги переписи населения 1999 года в Республике Казахстан. – Алматы: Агентство РК по статистике, 2000. С. 8-13.
7. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа онжылдық – жаңа тарихи белестер: жетістіктер, мәселелер және стратегиясы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. // Егеменді Қазақстан. – 2010, ақпан – 28.

ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ НА ДЕМОГРАФИЧЕСКУЮ СИТУАЦИЮ В МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Табылдиева О.Д. - Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш.Есенова, г.Ақтау, Казахстан, e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz.

Аннотация. В статье раскрывается сущность миграционных процессов, причины их возникновения и особенности. Основная часть статьи отражает влияние миграции на этнический состав населения и проблемы возвращения казахской диаспоры на историческую Родину после приобретения независимости.

Ключевые слова: внешняя миграция, этнический состав, демография, перепись населения

IMPACT OF MIGRATION PROCESSES ON DEMOGRAPHIC SITUATION IN MANGISTAU REGION

Tabyldieva O. - S.Yessenov Caspian University of Ttechnology and Eengineering., Aktau, Kazakhstan, e-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz.

Abstract. The article reveals the essence of migration processes, the reasons for their occurrence and features. The main part of the income item is from the ethnic composition of the population and the problems of the return of the Kazakh diaspora to their historical homeland after gaining independence.

Key words: external migration, ethnic composition, demography, population census

